

МАҢҒЫСТАУ ЖАНУАРЛАРЫН ЭКОЛОГИЯ ӘСЕРІНЕН ҚОРҒАУ

Базаров Б.Қ.

Социально- экономические политики страны в развитие углеводорода, газа и минеральных ресурсов привели к загрязнению окружающей среды, а также угнетению диких животных в области Юга - Западного Казахстана.

Socially - country economic policies in development of hydrocarbon, gas and mineral resources have led to environmental contamination, and also oppression of wild animals in the field of the South - the Western Kazakhstan.

Маңғыстау жерінің көлемі 16,7 млн.га, оның 12,7 млн.га-ы жайылымдық болып келген, бүгінгі күні нақты көрсеткіш жоқ. 1960 жылдан бері Маңғыстау өңірінде өнеркәсіптің күн сайын қауырт дамуына байланысты, Маңғыстау обылысы жан-жақты жедел дамыған ірі облыстардың бірі болып саналады.

Еліміздегі нарықтық экономика саясатының бәсекелесе түсуіне байланысты Каспий жағалауы Маңғыстау өлкесінде табиғи жер асты және үсті байлықтарын пайдаланудың өткір проблемалары туындауы осы өлкеде индустрияның батыл енуімен, техникалық прогрестің өркендей түсуі, аймағымыздағы экологиялық проблемаларды одан әрі күшейте түсті.

Көмірсутегі және газ т.б өнімдерін өндіру еліміздің экономикалық деңгейлік көтеретін басты бағыт болғандықтан «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңын қолдау бірінші мақсат. Маңғыстау облысы аумағында республикалық маңызы бар 5 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар. Маңғыстау ауданы аймағынан жалпы көлемі 93,2 мың га құрайтын жергілікті маңызы бар «Қызылсай» мемлекеттік табиғи паркі 2010 жылы ашылатын болды. 2008-2010 жылдарға арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бағдарламасы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрудың бірден- бір себебі Маңғыстаудың құнды байлықтарының бірі түз даланың сәні, қолжетпес байлығы соңғы жылдары жойылып кету қаупі туындап отырған, жабайы аң – құстары, арқар, барыс, құлан, ақбөкен, қарақұйрық, бүркіт, ителгі, дуадақ және т.б экологиялық апатынан қорғап қалу көзделуде. Қазақстан республикасының ғылыми министрлігіне қарасты Зоологиялық институты мамандарының мәліметі бойынша Маңғыстау аймағында 1991 жылы 240 мың бас киік, 6 мың бас арқар, 3 мың бас қарақұйрық бар болған болса, ал 2007 жылы мәлімет бойынша киік – 10мың бас, арқар – 1 мың бас, қарақұйрық – 1,7 мың бас болып бірнеше есе азайып кеткендігін мәлімдеген. Осыған байланысты «Қызылсай» мемлекеттік табиғи паркін ашуға жергілікті бюджеттен 32,5 млн тенге қаражат көзі 2010 жылға қаралған. Бұның өзі Маңғыстау өркесіндегі түз жануарларына деген көз қарастың өзгеріп, олардың сонау жылдардағы санына жетпегенімен азда болса бас санының көбейіп, түрдің сақталып қалуына септігі тиетіні сөзсіз [1].

Жерімізде табиғатты қорғау мен табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың барысында Маңғыстау аумағындағы биологиялық алуан түрлік сирек кездесетін, құрып кету қаупіндегі және қорғауға мұқтаж жануарлар мен өсімдік түрлерін есепке алып сақтап қалу мақсатын көздеу.

Дала жануарларымен өсімдік түрлерін сақтап қана қоймай, бұлардың санын көбейтудің барлық шараларын қолдану. Соның нәтижесінде табиғи байлықтарды дұрыс пайдаланумен қорғауға бағытталған шаралық нұсқауларды қолданып, толықтыру жолдарын көздеу.

Адам іс әрекеттің салдарынан табиғатпен ондағы тіршілік иелерінің зардап шегу ықпалына орай ғылыми биологиялық зерттеулерді үйлестіру. Ал негізгі проблемаларды Экология ғылыми саласы барынша айқын көрсеткені дұрыс.





Қазақстан ғылымдарының зерттеуі бойынша біздің мемлекет жерінде омыртқалы жануарлардың 50 000 жуық түрлері тіршілік етеді.

Қазақстан аумағының көп жерін жазықты жерлер алып жатқаны белгілі, оның ішінде Маңғыстау аумағы батысында Каспий теңізі орын тепкен, ал оңтүстігімен шығысында және солтүстік аймақтарын алып жатқан құрғақ әр түрлі ландшафты шөлейттер, аласа жоталы таулар мен тегіс далалар. Маңғыстау аумағына қарасты жер, өзінің рельефтік ерекшеліктеріне орай бірнеше географиялық аймақтарға бөлінеді. Бозащы түбегі. Батыс аймақ Түпқараған түбегі. Оңтүстік батыс адырлы аймақ және Орталық таулы Маңғыстау.

Маңғыстау жері биоклимат жағдайына қарай шөлді ландшафты аймаққа жатады, топырағының түсі мен беткі қабатына қарай екі аймаққа бөлінеді. Қоңыр топырақты солтүстік сортаң далалық шөл аймақ және сұр қоңыр топырақты шөл аймақ. Маңғыстау өлкесін ерте кезден 1825 – 26 жж бастап зерттеген. И.А.Северцов, И.Г.Борщов басылымдар жария болған [2].

Маңғыстау өңірінің миллиондаған жылдармен өлшенетін тарихына сәйкес сан алуан табиғат жаратылыстары мен жануарлар дүниесінің болғаны белгілі. Ал қазіргі кезеңде Маңғыстаудың қай түкпірінен болса да тіршіліктің маусымдық ерекшеліктеріне байланысты түрлі жануарлардың, сүтқоректілердің, бауырмен жорғалаушылардың, кемірушілердің, құстар мен жыртқыш аңдардың өкілдерін кездестіруге болады. Сонда Маңғыстау түбегінде 50 – 60 сүтқоректілер, 10 – 15 – ке жуық бауырмен жорғалаушылар, 250 – 300 тарта құстар түрлері мекендейді [3].

Каспий теңізі, жануарлар дүниесінің бай болуына орасан зор ықпалын тигізіп, өзіндік табиғи үлесін қосуда.


Маңғыстау дала жануарлары мен түрлі өсімдәктерге бай өлке болып келді.

Ал Қазақстан бойынша «Қызыл» кітапқа енгізілгендері Сүтқоректілердің-325түрі, құстардың-485түрі, балықтардың-194 түрі, қосмекенділердің-41 түрі, ал бауырмен жорғалаушылар-141 түрі. Маңғыстау аумағындағы «Биологиялық алуан түрлік»-дегеніміз бұл экологиялық жүйелер арасындағы алуан түрлі тіршілікті айқындайды.

Маңғыстау өңіріндегі алуан түрлі биологиялық тіршілік иелері, соның ішінде топ тобымен жүретін ақбөкендер мен арқарлар, қарақұйрықтар, ал жыртқыштардан қасқыр, қарақұлақ, қабылан, құлан, түлкі т.б табиғат байлығының көптеген түрлері не бүгінгі күні Маңғыстау аймағы мен Каспий өңіріндегі мұқнай-газ т.б. өндіріс қалдықтары су айдыны мен топырақ бетін және жалпы табиғатын ластау барысында орасан зиян келтіріп тұр.

Соның ішінде Маңғыстау, Атырау облысы мен қоса Каспий суының ластануы қазіргі уақыттағы шешімін таба алмай келе жатқан күрделі экологиялық мәселелердің бірі [3].

Экологиялық апаттың алдын алу Қазақстан ғалымдарының басқа Каспий жағасына көрші мемлекет ғылымы саласымен бірігіп шешетін басты мәселе.



Дүниежүзілік маңызы бар көмірсутегі мен газ қоры, нейтронды энергия көзі, бағалы рудалармен минеральдар т.б. табиғат қазыналары ХХІ ғасырдың басынанак нарықтық-экономикалық бәсекелестік өрлеуі барысында шетелдік инвесторлар оңай олжаға ие болғысы келіп жан-жақтан Каспий жағалауына қол сала бастады. Табиғат сыйға тартқан ел мұрасы жер үсті, жер

асты байлықтары кім көрінгеннің қоржынына айналды. Қолынан келгендер қонышына басты, бірақ та Каспий теңізімен жеріміздің экологиялық апатқа ұшырап бара жатқаны, жағадағы халықтың денсаулығының нашарлап жүрек, қан қысымы, туберкулез т.б ауруына шалдығуы адам баласының жасы кеміп келе жатқандығы статистика бойынша баспалардан айтуда [3].

Сонымен қатар Маңғыстау аймағының дала жануарлары мен өсімдіктерінде сиреп кетуде, себебі Ақтау, Бейнеу аралығында әр бір 250-300км аралықтан 3-4 болып топтасып қашып бара жатқан ақбөкен немесе 1-2 болып жүрген қарақұйрықтарды, ал тау текелерін қору өте қиынға түседі, сонда бұрынғы көз жауын алып, отарлап жүретін әсемде әрі көрікті дала тағылары қайда?

Табиғат байлығын ұқыпты пайдаланып, қоршаған ортаны қорғамасақ табиғаттан мейірім күтуге болмайтыны, табиғи заңдылық.



Сондықтанда «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңды қатаң түрде орындап, табиғи ресурстарды саналы түрде пайдалана отырып, табиғатты қорғауды, биологиялық ортаны және биосфераны қорғау тұрғысынан қатаң қараған жөн.

Жер асты байлығы көмірсутегі және газ т.б. өндірісінің қарқынды жүруі ғылыми техникалық прогрестің өркендей түсіп жер асты қойнауы өнімдерін игеріп алуы.

Қазақстан Республикасы үшін алғашқы кезде экологиялық қауіпсіздікті сақтау тәжірибиесі аз болды, соның салдарынан Маңғыстау аймағыда өзіндік орны толмас зардап тартып келеді [4].

Жер асты байлықтарын игеру барысында өнеркәсіп орындары кең көлемде ашылып, өндірістің дамуы техниканың көбеюіне әкеліп соқтыруы оқоршаған ортаны және Каспий суын ластауы.

Бүгінгі күні аймағымыз экологиялық апатқа ұшырау алдында.

Республикамыздың экономикасын көтеру мақсаты қарқынды жүзеге асып келеді, бірақта ол қарқын Қазақстанның оңтүстік Батыс аймағы Маңғыстау өңіріне зор ықпал етті, себебі жер бедері мен табиғаты бұзылды, жайылымдық алқаптар көлемі азая түсті, дала жануарлары мен өсімдіктер сиреп, қоршаған ортаның экологиялық жағдайы да өзгере түсті. Маңғыстау өңіріндегі индустрия көзінің қарқындай түсуіне байланысты техника құралдардың көбеюі, жеріміздегі жабайы аңдарды қырып ұстауға, аңдардың мүйіздерін шетелдерге алтынға, ал теңіз бекіресінің икраларын 1кг 10-15 мың доллардан айырбастады.



Осындай факторларға байланысты таулы және кең жазықтық орталарда мекен ететін жыртқыш тұқымдастарының бірі гепард, барыс, қарақұлақ, қасқыр, арқар т.б және жазықтық орта жануарлары қарақұйрық, ақбөкен т.б зардап тартты.

Маңғыстау жерінің рельефіне орай қарайтын болсақ жануарларға мекен болатын қолайлы жерлер көп, соған қарамастан аталып өткен факторларға байланысты жабайы аңдар сирек кездеседі, мәселен Оңтүстік Ақтау мен Қаратауда, Қарақия ойпатында, Үстіртте жабайы қой муфлондар көп кездесетін. Ал қазіргі уақыттарда тек қана адам баласының аяғы жете қоймайтын жерлерде ғана аздаған тобы кездесіп қалады.

Маңғыстау өңіріндегі ғылыми зерттеуге байланысты дала жануарларының 10 шақты түрі ғана қалған. Қаракұйрық, ақбөкен, үстірт қойы немесе арқар, жыртқыштардан: гепард, шығыс мысығы, қарақал, сары ала қоржық, қарақұлақ, жайра, қара кірпі т.б ал құстардың 16 түрі олар: аққұтан, қарабай, бұйра бірқазан, қызғылт бірқазан, қоқиқаз, дуадақ, сұңқылдақ аққу, шүршілдек торғай, жылан бүркіті, қара құс, ұзын құйрық т.б.

Муфлондар белгілі бір аумақты мекен ететін дала қойлары, олар күз айларында 10-15 болып жиналып топ құрып жүртін тұз тағылары. Қазіргі уақытта елді мекендерімізде 300-400 ге жуық арқарлардың барлығын анықтаған. Бұлардың барлығы сирек кездесетін аңдар қатарында «Қызыл кітапқа» енгізілген.

Өлкеміздегі жер асты байлықтарын игеру барысында антропогендік факторлардың ықпалы әсер етіп, экологиялық жағдайы бұзылып қоршаған ортаның ластануына соқтырып отыр, сонымен қатар Каспий су қоймасы ластанып ондағы жануарлар жылдан жылға зардап шегуде. Ғылыми деректерге сүйене отырып еліміздегі өндіріс, өнеркәсіп орындарынан қоршаған ортаның ластану шамасы - улы шаң тозаңдар-40%, күкірт оксидтері 70% , азот оксидін 50%, МАЭК станциясы 29% улы, радиациялық қалдықтарды тастайды..

Оның үстіне Маңғыстау облысы аймағында ашық жатқан бірнеше ұран шұңқырлармен улы, радиациялы қалдығы бар қоя суы орналасқан ел қоршаған ортада Ақшұқыр, Баянды, Қызылтөбе елі 1сағатына 5мың мкр ге жететін радиоактивті сәуле құраушы қордаланған. Қашқария өлі көлі, уран қазан шұңқырлары Маңғыстау түбегінің тыныс тіршілігіне залалды әсерін тигізуде.

Қазақстан үшін мұнай, өндіріс қаржы көзі ғана емес, ол әлемдік деңгейдегі саяси тетіктрдің бірі болып тұрғаны анық.

Сондықтанда «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң актілерін жүзеге асырып, өндіріс аймақтарының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында геологиялық барлау, өндіріс, өнеркәсіп, тасымалдау орындары т.б, қатаң талап қойып оларды бақылауға алып, жіберілген кемшіліктерін анықтай отырып қатаң шара қолданып экологиялық бағдарламаны оан әрі жетілдіре түскен дұрыс [5].

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңы ерекше қорғалатын табиғи аймақтар қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін белгіледі. Онда ерекше қорғалатын табиғи аймақтар қоршаған ортаның орналасқан ортасы, экологиялық ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, ұлттық байлығы

болып табылатынын атаған. Әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңін пайдалана отырып шетелдік «эуесқой» табыс көзін іздеген мырзалар еліміздің байлығының бірі дала жануарлары арқар мен киіктің т.б құнды жануарлардың мүйізіне бола аң аулауды рұхсат бермей, тоқтату керек [6].

Аймағымызда, экологиялық проблемалар өршіп тұрған кезде әрбір жеке адамның қалыптасу процесінде және оның сана сезіміне, табиғатты қорғау тұрғысында әлеуметтік психологиялық мақсаттарды дамыту керек.

Бүгінгі қоршаған ортаны қорғау мәселесі, ертеңгі тіршілік иелері ұрпағымыздың өмір тәрбиесі, сондықтанда «Қоршаған ортаны қорғау» мүдделі мақсат.

Негізгі мақсаты: I) табиғатта жаралған алуан түрлі жаратылыстағы жануарлар мен өсімдіктерді және олардың қоршаған ортасын қорғау. Маңғыстау аумағындағы құрып кету қауіпі төнген және қорғауға мұқтаж дала жануарларына ықпал ету. Тірі табиғатты экологиялық жүйелер деңгейінде зерттеу.

II) Маңғыстау аумағындағы құрып кету қаупінде тұрған немесе сиреп бара жатқан жануарлармен өсімдіктерді қалпына келтіру немесе сақтап қалуға әсер ету шараларын көздеу. Оларға қатігездікпен қараушы әрі теріс ықпал етушілерге қарсы күрес жүргізу мақсатын көздеп, анитипуттық науқандар өткізу.

III) Әр түрлі табиғи аймақтар мен белдеулердің неғұрлым өздеріне тән ландшафтарымен, экожүйелерін, жануарларымен өсімдіктерінің түрлерін сақтап қалуға бағышталған қорық шаруашылығының жүйесін жасау.

IV) Табиғатпен, табиғат тіршілігін қорғаудың маңыздылығын ұғынушылықты қалыптастыру тұрғысында ғылыми және ағартушылық жобаларды жүзеге асыру және білім беру.

Әдебиеттер:

1. Маңғыстау баспасы. 18 ақпан 2010ж
2. «Экология және табиғатты қорғау». Алматы, Мектеп баспасы, 2002ж
3. Интернет баспасынан «Маңғыстау аймағының биоресурстарының мәліметі»
4. «Жайылым және экология». Асанов К.Ә, Елешов Р.Е, Алимбаев И.И., Алматы, «Ғылым» баспасы, 2010ж
5. «Экология» (оқулық), Бейсенова Ә.С, Шілдебаев Ж.Б, Сауытбаева Г.З, Алматы «Ғылым», 2001 ж
6. «Охрана труда и экология», Полозков В.Т. Издательство «Недра» 1975г